

«Астана медицина университеті» КеАҚ  
8D05101-«Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесіне ұсынылған докторант Мусабай Қаракөз Нуржанқызының  
«Ауыр коронавирустық инфекцияларда ішек микробиотасы мен иммундық  
жүйе арасындағы байланыстың мультиомикстік зерттеулері»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесші  
м.ғ.д., профессор Кушугулова Алмагул Рахимберліқызының

### ПІКІРІ

Диссертациялық жұмыс ауыр коронавирустық инфекция жағдайындағы ішек микробиотасы мен иммундық жүйе арасындағы өзара байланысты зерттейді. Жұмыстың ғылыми жаңалығы және өзектілігін COVID-19 кезіндегі ішек микробиомы мен иммундық жүйенің байланысын зерттеу Қазақстан популяциясында алғаш рет жүргізілгені айқындайды.

Мусабай Қаракөздің диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми-зерттеу деңгейінде орындалған. Зерттеу барлық заманауи ғылыми стандарттарға сай жүргізілген. Автор зерттеу мақсатын сәтті жүзеге асырып, барлық қойылған міндеттерді орындаған.

Жұмыста ғылыми әдебиеттерге терең және мұқият шолу жасалып, COVID-19-дың ауыр түрімен ауырған науқастардың клиникалық деректері жан-жақты талданған.

Мусабай Қаракөздің ғылыми зерттеуге қосқан жеке үлесі ерекше атап өтуге тұрарлық. Диссертант зерттеу жұмысының барлық негізгі кезеңдеріне-клиникалық биоүлгілерді іріктеу және жинау, зертханалық талдауларды жүргізу және алынған нәтижелерді талдауда белсенді түрде қатысты. Автор зерттеу әдістерін меңгеріп қана қоймай, оларды тәжірибеде тиімді қолдана білді. Сонымен қатар, диссертант ғылыми ізденіс барысында туындаған мәселелерді шешуде жоғары деңгейдегі дербестік, жауапкершілік және ғылыми ойлау қабілетін көрсетті.

Диссертация тақырыбы бойынша ғылыми зерттеудің негізгі нәтижелері мен диссертацияның негізгі ережелері толық көрсетілген 4 баспа жұмысы: Scopus базасында (Q1-Q3) және РФДИ индекстелетін басылымда жарияланды.

Жұмыстың нәтижелері бойынша бір енгізу актісі және бір авторлық куәлік алынған.

Осылайша, Мусабай Қаракөздің диссертациялық жұмысы тақырыптың өзектілігі, алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы, олардың теориялық және практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толықтай сәйкес келеді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігін, жұмыстың көлемін, ғылыми жаңалығын және алынған нәтижелердің тәжірибелік құндылығын ескере отырып, диссертациялық жұмыс 8D05101-«Биология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялық кеңесте ресми қорғауға ұсынылуға лайық деп есептеймін.

ЖМ National Laboratory Astana

Өмір туралы ғылымдар орталығының

микробиома зертханасының меңгерушісі

м.ғ.д., профессор



Кушугулова А.Р.